



Дэуіт 4





Published by the Comic Bible Society, LLC
Copyright © 2022

Kingstone Comics maintains copyright to
this comic book as provided by United
States copyright law.

Print and digital copies of this version may
be freely distributed without penalty under
a Creative Commons license.



КЕЛЕСІ ЖЫЛҒЫ КӨКТЕМДЕ ДӘУІТ ПАТШАЛАР
ЖОРЫҚҚА ШЫҒАТЫН КЕЗДЕ ОЛ БАРМАЙ ҚАЛДЫ. ОЛ
САРАЙЫНЫҢ ТӨБЕСІНДЕ ЖҮРГЕНДЕ, ТӨМЕНДЕ
ШОМЫЛЫП ЖАТҚАН ӘЙЕЛДІ КӨРДІ.

МАҒАН БҮЛ
ӘЙЕЛДІ АЛЫП
КЕЛІҢДЕР.

БІРАҚ ПАТШАМ-БҮЛ
ҰРИЯНЫҢ ӘЙЕЛІ ЕМЕС ПЕ?
ЖӘНЕ ДЕ СІЗДІҢ МЫҚТЫ
ЖАУЫНГЕРІҢІЗДІҢ
ҚЫЗЫ.

ПАТША МЕНІ
АЛДЫРТУ ҮШІН
СІЗДІ ЖІБЕРДІ
МЕ?

ИӘ, МЕНІМЕН
ЖҮР.

БІРНЕШЕ
АПТАДАН КЕЙІН...

МЕНІҢ АЯҒЫМ АУЫР.

ЕНДІ ДӘУІТ БҮЛ МАСҚАРА КҮНӘНІ
ЕЛ-ЖҮРТТЫҢ КӨЗІНЕН ТАСАЛАУ ҮШІН
ЖӘНЕ БАРСАБИЯҒА ҮЙЛЕНУ ҮШІН
ЖОСПАР ҚҰРАЙДЫ.

ӘСКЕР БАСЫН
ЖОҒАБТЫ МАҒАН
ЖІБЕРІҢДЕР. ЖӘНЕ ДЕ
МЕНІҢ ЖАУЫНГЕР
ҰРИЯНЫ МАҒАН
АЛЫП КЕЛІҢДЕР.

ҰРИЯ ОНЫҢ АЛДЫНА КЕЛГЕНДЕ СОҒЫСТЫҢ
ҚАЛАЙ ӨТІП ЖАТҚАНДЫҒЫ ЖАЙЛЫ СҰРАСТЫРДЫ.

ҰЗАҚ ЖОЛДАН
КЕЛДІҢ, ҮЙҢЕ
БАРЫП, ӘЙЕЛІНІҢ
ҚАСЫНДА ДЕМАЛ.

ҰРИЯ ҮЙГЕ БАРМАЙ, САРАЙДЫҢ
КІРЕБЕРІСІНІҢ ЖАНЫНЫДА
ТҮНЕП ШЫҚТЫ.

НЕГЕ ҮЙҢЕ
БАРЫП,
ДЕМАЛМАЙСЫҢ?

ПАТША ИЕМНІҢ
ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ
АШЫҚ ДАЛАДА ТҮНЕП
ЖҮРГЕНДЕ, МЕН
МҮНДАЙ НӘРСЕ ІСТЕЙ
АЛМАЙМЫН.

ДӘУІТ ҰРИЯНЫ ЖЕП-ІШКІЗІП, МАС ҚЫЛДЫРЫП
ҮЙІНЕ ЖІБЕРМЕКШІ БОЛДЫ. СОНДА БҮКІЛ ХАЛЫҚ
БАРСАБИЯ ӨЗ КҮЙЕУІНЕН АЯҒА АУЫР БОЛЫП
ҚАЛҒАНЫН ОЙЛАСЫН ДЕП ҚАЛАДЫ.

БІРАҚ ПАТШАНЫҢ БҮЛ ЖОСПАРЫ
ІСКЕ АПСАДЫ. ӨЙТКЕНІ ҰРИЯ ТАҒЫДА
САРАЙДА ҰЙЫҚТАП ҚАЛДЫ.



БҮЛ ХАТТЫ
ЕШКІМНІҢ ҚОЛЫНА
ТҮСІРМЕЙ ЖОҒАБҚА
ЖЕТКІЗ.



ҰРИНЫ ЕН ҚАТТЫ ШАЙҚАС
БОЛЫП ЖАТҚАН МАЙДАННЫҢ
АЛДЫҢҒЫ ШЕБІНЕ ҚОЙЫП, ОНЫ
ӨЛІМГЕ ҚАЛДЫРЫП, ОЗДЕРІҢ КЕРІ
ШЕГІНІП КЕТІНДЕР.

ОЛ ТҮРА СОЛҒАЙ
ЖАСАП, ШАБУҢДА
ҰРИЯ ҚАЗА ТАПТЫ.



АРТҚА ҚАРАЙ
ШЕГІНІҢДЕР.



АСТАНАҒА
ОРАЛЫП, ПАТШАҒА
БҮЛ ХАБАРДЫ
ЖЕТКІЗ.

ПАТША БІЗГЕ АШУЫН
ЖАУДЫРМАСЫ ҮШІН
ОНЫҢ ҚЫЗМЕТШІСІ
ХЕТТІК ҰРИЯ ҚАЗА ТАПТЫ
ДЕП АЙТАРСЫҢ.



ҚАЛАҒА НЕГЕ ТЫМ
ЖАҚЫНДАДЫҢДАР,
ҚАБЫРҒАДАН АТАТЫНЫН
БІЛМЕДІНДЕР МЕ?

ҚАРСЫЛАСТАР
БІЗДІ ТЫҚСЫРЫП, ҚАЛАДАН
СЫРТҚА ШЫҒА КЕЛДІ. БІРАҚ
БІЗ ОЛАРДЫ ТОЙТАРЫП
«ҚАЛА ҚАҚПАСЫНА ДЕЙІН
ҚУЫП ТАСТАДЫҚ».


ОЛАРДЫҢ
САДАҚШЫЛАРЫ
ҚЫЗМЕТШІЛЕРІҢІЗДІ
ҚАЛА ҚАБЫРҒАСЫНАН
АТТЫ. ҚЫЗМЕТШІҢІЗ
ХЕТТІК ҰРИЯ ДА ҚАЗА
ТАПТИ.

ҰРИЯНЫҢ ӘЙЕЛІ КҮЙЕУІНІҢ ӨЛГЕНІҢ
ЕСТІП, ОНЫ 7 КҮН ЖОҚТАДЫ.



ЖОҒАБҚА БЫЛАЙ
ДЕП АЙТ: "ОСЫҒАН БОЛА
КӨҢІЛІН ТҮСПЕСІН. СОҒЫС
БОЛҒАСЫН ШЫҒЫН
БОЛМАЙ ҚОЙМАЙДЫ.

ҚАЛАНЫҢ
АСТАН-КЕСТЕНІҢ
ШЫҒАРҒАНША
ШАБУҢЫЛЫҢДЫ
ЖАЛҒАСТЫРА
БЕР."



ЖОҚТАУ МЕРЗІМІ БІТКЕН КЕЗДЕ ДӘУІТ
БАРСАБИЯНЫ САРАЙҒА АЛҒЫЗЫП, ОҒАН
ҮЙЛЕНІП, ОЛ ДӘУІТКЕ ҰЛ ТУЫП БЕРДІ.

БІРАҚ ДӘУІТТІҢ ІСТЕГЕН БҰЛ ІСІ
ЖАРАТҚАН ИЕГЕ ЖЕК КӨРІНІШТІ ЕДІ...

СОДАН ҚҰДАЙ ДӘУІТКЕ НАТАН ПАЙҒАМБАРДЫ
ЖІБЕРДІ... ОҒАН ТЕК ҚОЙ БАҚҚАН ПАТША
ҒАНА ТҮСІНЕТІН БІР МЫСАЛ АЙТҚЫЗДЫ.

ПАТШАМ, МЕНДЕ БІР
ЖАҒДАЙ БОЛДЫ. СЕН
БҮЛ МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕІП
БЕРШІ.



БІР ҚАЛАДА ЕКІ АДАМ
БОЛЫПТЫ. БІРЕУІ БАЙ,
БІРЕУІ КЕДЕЙ ЕКЕН.
БАЙДЫҢ МАЛЫ КӨП БОЛДЫ,
АЛ КЕДЕЙДІҢ САТЫП АЛҒАН БІР
КІШКЕНТАЙ ҚОЗЫСЫНАН БАСҚА
ТҮГІ ДЕ БОЛМАДЫ.



БІР КҮНІ БАЙҒА БІР
ЖОЛАУШЫ ҚОНАҚ КЕЛЕ
ҚАЛДЫ. БІРАҚ БАЙ ОҒАН
АРНАП СОЮҒА ӨЗ МАЛЫН
АЯП, КЕДЕЙДІҢ ӘЛГІ
ТОҚТЫСЫН ТАРТЫП
АЛЫП, СОДАН ҚОНАҒЫНА
ТАМАҚ ПІСІРІП БЕРДІ!



МӘҢГІ ТІРІ ЖАРАТҚАН
ИЕНІҢ АЛДЫНДА ШЫН
АЙТАМЫН: МҮНІ ІСТЕГЕН
АДАМ ӨЛІМГЕ ЛАЙЫҚ!

КЕДЕЙГЕ МЕЙІРІМСІЗ
БОЛЫП, ОСЫНЫ ІСТЕГЕНІ
ҮШІН ОЛ ТОҚТЫНЫҢ ОРНЫН
ТӨРТ ЕСЕ ЕТІП ТОЛТЫРУҒА
ДА МІНДЕТТІ!





СОЛ АДАМ
ӨЗІҢІЗСІЗ!

ЖАРАТҚАН ИЕ
МЫНАНЫ АЙТАДЫ: "МЕН СЕНІ
ИСРАИЛДІҢ ҮСТІНЕН ПАТША
ЕТІП ТАҒАЙЫНДАП, САУЛДЫҢ
ҚОЛЫНАН ҚҰТҚАРЫП КЕЛДІМ. САҒАН
ПАТША ИЕҢНІҢ САРАЙЫ МЕН
ӘЙЕЛДЕРІН ТАБЫСТАДЫМ."

"ИСРАИЛ МЕН
ЯХУДА ЕЛДЕРІН ДЕ
ТАПСЫРДЫМ."

"МУНЫҢ БӘРІ
АЗ БОЛСА, ОНЫҢ
ҮСТІНЕ ТАҒЫ
СОНШАМА ҚОСЫП
БЕРЕР ЕДІМ."

"НЕГЕ ЖАРАТҚАН
ИЕҢНІҢ ӨСИЕТТЕРІН
АЯҚ АСТЫ ЕТІП, ОҒАН
ЖЕК КӨРІНІШТІ
ОСЫНДАЙ ЗҰЛЫМ
ІСТІ ЖАСАДЫҢ?!"

СЕН ҰРИЯНЫ
АММОНДЫҚТАРДЫҢ
СЕМСЕРІМЕН ӨЛТІРІП, ӘЙЕЛІН
ТАРТЫП АЛЫП, ӨЗІҢЕ ӘЙЕЛ
ҚЫЛДЫҢ! ХЕТТІК ҰРИЯНЫҢ
ӘЙЕЛІН ӨЗІҢЕ ӘЙЕЛ ҚЫЛЫП
АЛҒАНЫҢ ҮШІН, СЕМСЕРДІҢ ЖҮЗІ
БҮДАН БЫЛАЙ ӘРДАЙЫМ
ӘУЛЕТІҢЕ ҚАУІП ТӨНДІРІП
ТҰРАТЫН БОЛАДЫ.

ЖАРАТҚАН ИЕ
ТАҒЫ МЫНАНЫ ДА АЙТАДЫ:
ӨЗ ҮЙІНІҢ ІШІНЕН САҒАН
ҚАРСЫ ПӘЛЕ ШЫҒАРАМЫН!
КӨЗ АЛДЫҢДА ӘЙЕЛДЕРІҢДІ
АЛЫП, БАСҚА БІРЕУГЕ
БЕРЕМІН, ОЛ ТАПА ТАЛ ТҮСТЕ
ӘЙЕЛДЕРІҢМЕН БІРГЕ
БОЛМАҚ.

"СЕН ЖАСЫРЫН
ӘРЕКЕТ ЖАСАДЫҢ,
АЛ МЕН ОСЫНЫ БҮКІЛ
ИСРАИЛДІҢ КӨЗ АЛДЫҢДА
АШЫҚТАН-АШЫҚ
ІСТЕЙМІН!"



МЕН ЖАРАТҚАН
ИЕГЕ ҚАРСЫ КҮНӘ
ЖАСАДЫМ, СОНЫ
МОЙЫНДАЙМЫН!

ОНДА
ЖАРАТҚАН ИЕ
КҮНӘНДІ КЕШІРДІ.
СЕН ӨЛІМГЕ
БҰЙЫРЫЛМАЙТЫН
БОЛДЫҢ.

БІРАҚ
ОСЫ ҚЫЛЫҒЫҢМЕН
ЖАРАТҚАН ИЕНІ ОНЫҢ
ДҰШПАНДАРЫНЫҢ КӨЗІНШЕ
ӘБДЕН ҚОРЛАҒАНЫҢ ҮШІН,
ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН ҰЛЫҢ
ШЕТІНЕЙТІН БОЛАДЫ.



ОСЫНЫ АЙТЫП, НАТАН
ПАЙҒАМБАР ҮЙІНЕ ҚАЙТЫП КЕТТІ.
АЛ БАЛА АУЫРЫП ҚАЛАДЫ.

ДӘУІТ НӘРЕСТЕ ҮШІН ҚҰДАЙҒА
ЖАЛБАРЫНУМЕН БОЛДЫ; ОРАЗА ТҰТЫП, ӨЗ
БӨЛМЕСІНЕ КІРІП, ЖЕРГЕ ЖАТЫП ТҮНЕП ЖҮРДІ.



БАЛА ТІРІ КЕЗДЕ БІЗДІҢ
АЙТҚАНЫМЫЗҒА ҚҰЛАҚ
АСПАҒАН ЕДІ. БАЛАНЫҢ
ШЕТІНЕГЕНІН ОҒАН ЕНДІ
ҚАЛАЙ АЙТАМЫЗ?

ЕГЕР ОҒАН БАЛА
ШЕТІНЕДІ ДЕП
АЙТСАҚ, ОЛ ӨЗІНЕ-ӨЗІ
БІРДЕҢЕ ІСТЕП ҚОЮЫ
ЫҚТИМАЛ ГӨЙ!



БАЛА
ШЕТІНЕДІ
МЕ?

ИӘ,
ТАҚСЫР.



СОНДА ДӘУІТ ЖЕРДЕН
ТҮРЫП, ЖУЫНЫП, ӘДЕТТЕГІДЕЙ МАЙМЕН
СЫЛАНЫП, КИІМІН АУЫСТЫРДЫ. ЖАРАТҚАН
ИЕНІҢ КИЕЛІ ҮЙІНЕ БАРЫП, ИЛІП ҒИБАДАТ ЕТТІ.

БҮЛ
ҚАЛАЙ?

БАЛАҒЫЗ ТІРІ
КЕЗІНДЕ ОРАЗА
ҰСТАП, ЖЫЛАУМЕН
БОЛДЫҒЫЗ.

АЛАЙДА БАЛАҒЫЗ
ШЕТІНЕГЕННЕН
КЕЙІН ОРНЫҒЫЗДАН
ТҰРЫП, ТАМАҚ
ЖЕДІҢІЗ?

БАЛАМ ТІРІ КЕЗІНДЕ «КІМ
БІЛЕДІ, МҮМКІН, ЖАРАТҚАН ИЕ
МАҒАН МЕЙІРІМІН ТҮСІРІП, БАЛАМ
ТІРІ ҚАЛАР?» ДЕГЕН ОЙМЕН
ОРАЗА ҰСТАП, ЖАЛБАРЫНА
ЖЫЛАДЫМ.

БІРАҚ ОЛ,
МІНЕ, КӨЗ ЖҰМДЫ.
НЕГЕ ЕНДІ ОРАЗА
ҰСТАУЫМ КЕРЕК?

МЕН ОҒАН
БАРАМЫН, БІРАҚ ОЛ
МАҒАН ҚАЙТЫП
КЕЛМЕЙДІ!

СОДАН СОҢ ДӘУІТ ӘЙЕЛІ БАРСАБИЯҒА
БАРЫП, ОНЫ ЖҰБАТТЫ. КЕЙІН ОЛ ҰЛ
ТУДЫ. БАЛАҒА СҮЛЕЙМЕН ДЕГЕН ЕСІМ БЕРДІ.

СОЛ ЕКІ АРАДА ЖОҒАБ АММОНДЫҚ РАББА
ҚАЛАСЫНА ҚАРСЫ ШАБУЫЛ ЖАСАП, ОНДАҒЫ
ПАТШАНЫҢ МЕКЕНІН БАСЫП АЛДЫ. ДӘУІТ БҮКІЛ
ӘСКЕРІН ЖИНАП, РАББАҒА АТТАНЫП, ОҒАН
ШАБУЫЛ ЖАСАП, БАСЫП АЛДЫ.

СОДАН ОЛ АММОНДЫҚ ПАТШАНЫҢ
БАСЫНАН ТӘЖІН ШЕШІП АЛЫП, ӨЗ БАСЫНА
КИДІ. АММОНДЫҚТАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ
ДӘУІТТІҢ ҚҰЛДАРЫ БОЛДЫ.

БІРАЗ УАҚЫТ ӨТКЕННЕН KEЙІН...

АМНОН, СЕН
ӨЗІҢНІҢ ӨГЕЙ
ҚАРЫҢДАСЫНА
ҒАШЫҚ БОЛЫП
ҚАЛДЫҢ БА?

ЖОНАДАБ, СӨЗБЕН
АЙТЫП ЖЕТКІЗЕ
АЛМАЙМЫН. ОНЫҢ
СҰЛУЛЫҒЫНАН КӨЗІМДІ АЛА
АЛМАЙ ЖҰРМІН. МЕН ОЛ
ЖАЙЫНДА ӘРДАЙЫМ
ОЙЛАНЫП ЖҰРМІН.



НЕ БОЛДЫ?
ПАТШАДАСЫҢ, НЕГЕ
КҮН ӨТКЕН САЙЫН СОҢША
КӨҢІЛСІЗСІҢ? МАҒАН
АЙТПАЙСЫҢ БА?

МЕН БАУЫРЫМ
АБЕССАЛОМНЫҢ ҚАРЫҢДАСЫ
ТАМАРҒА ҒАШЫҚ БОЛЫП
ҚАЛДЫМ. БІРАҚ МЕН ОНЫҢ
ҚАСЫНА ДА ЖАҚЫНДАЙ
АЛМАЙМЫН.

БҮЛ
МӘСЕЛЕНІҢ
ШЕШІМІ ОҢАЙ.

АУЫРЫП ҚАЛҒАНДАЙ
ТӨСЕГІНДЕ ЖАТА БЕР. ӘКЕҢ
ХАЛІНДІ БІЛУГЕ КЕЛГЕНДЕ,
ОҒАН: «ҚАРЫҢДАСЫМ ТАМАР
КЕЛІП, МАҒАН ТАМАҚ БЕРСІНШІ.
ОНЫ КӨЗ АЛДЫМДА ДАЙЫНДАСЫН,
МЕН ОНЫҢ ҚОЛЫНАН ЖЕП
АЛАЙЫН» ДЕГЕН ӨТІНІШІНДІ
БІЛДІР.

ҚЫЗМЕТШІЛЕР
ДІҢ БАРЛЫҒЫ
БӨЛМЕДЕН
ШЫҚСЫН.

КӨНЕ, СУЙІКТІ
ҚАРЫҢДАСЫМ,
ЕКЕУІМІЗ БІРГЕ
БОЛАЙЫҚ!



ЖО-ЖОҚ, АҒАТАЙ! МАҒАН
КҮШ КӨРСЕТПЕҢІЗШІ! БҮЛ
ИСРАИЛДЕ ЕШҚАШАН
ІСТЕМЕЙТІН ІСМҮНДАЙ
ЖЕТЕСІЗДІКТІ ІСТЕЙ
КӨРМЕҢІЗ!



ТҮР ДА,
БӨЛМЕМНЕН
ЖОҒАЛ!

ЖО-ЖОҚ,
АҒАТАЙЫМ!МЕНІ
ҚҰЫП ЖІБЕРУІҢІЗ МАҒАН
ЖАҒАҒЫ ІСТЕГЕНІҢІЗДЕН
БЕТЕР ЖАМАН БОЛАР
ЕДІ!

МЫНА ӘЙЕЛДІ
ҚАСЫМНАН ӘКЕТ ТЕ,
АРТЫНАН ЕСІКТІ
БЕКІТП ҚОЙ!



ОЛ ДЕРЕУ АБЕССАЛОМ АҒАСЫНА БАРАДЫ.

ҚАРЫНДАСЫМ,САҒАН НЕ
БОЛҒАН?СЕНІҢ
СӘНДІ-ХАНШАЙЫМҒА
АРНАЛҒАН КӨЙЛЕГІҢДІ КІМ
ЖЫРТТЫ?

БІЗДІҢ ҚАНДАС
АҒАМЫЗ АМНОН МЕНІ ЗОРЛАП
МАСҚАРАЛАДЫ.ЖӘНЕ ДЕ
ҚҰЫП ЖІБЕРДІ.



БОЛҒАН ОҚИҒА ТУРАЛЫ ЕСТІГЕН ДӘУІТ ПАТША
ҚАТТЫ АШУЛАНДЫ.БІРАҚ ОЛ ТҰҒЫШ ҰЛЫ
БОЛҒАНДЫҚТАН ЕРЕКШЕ ЖАҚСЫ КӨРГЕН
АМНОНДЫ ЖАЗАЛАМАЙ ҚОЯ САЛДЫ.



АЛ АБЕССАЛОМНЫҢ БАСҚА
ЖОСПАРЫ БАР ЕДІ...

ТЫНЫШТАЛШЫ ЕНДІ
ҚАРЫНДАСЫМ... ЕНДІ
СЕН МЕНІҢҮЙІМДЕ
ҚОРҒАНМЫҢ АСТЫНДА
ӨМІР СҮРЕСІҢ.



БУДАН ЕКІ ЖЫЛ ӨТКЕННЕН КЕЙІН АБЕССАЛОМ ҚОЙ
ҚЫРҚУ МЕРЕКЕСІН ӨТКІЗЕТІН БОЛЫП,ОҒАН БАРЛЫҚ
ПАТШАЗДАЛАРДЫ ШАҚЫРДЫ.СОЛ ЖЕРДЕ ОЛ
ҚАРЫНДАСЫНЫҢ КЕГІН АЛДЫ.

ЕНДІ АБЕССАЛОМ
ІНІСІНЕН ӨШІН
АЛДЫ.

ЖӘНЕ
ҚАРЫНДАСЫ
ДА ТАМАР.



АБЕССАЛОМ АМНОНДЫ ӨЛТІРІП, ОСЫЛАЙ ҚАРЫНДАСЫ
ҮШІН ӨШІН АЛЫП АЛДЫ.СОДАН КЕЙІН ГЕШУРҒА
ҚАШЫП,ҮШ ЖЫЛ СОЛ ЖЕРДЕ ТҮРДЫ.

САРУЯНЫҢҰЛЫ ЖОҒАБ ДӘУІТ ПАТШАНЫҢ
АБЕССАЛОМДЫ САҒЫНҒАНЫН БАЙҚАП ҚАЛДЫ.



ЖОҒАБ ТЕКОЯҒА АДАМ ЖІБЕРІП, ОЛ JAҚТАН
БІР АҚЫЛДЫ ӘЙЕЛДІ АЛДЫРТЫП, ОҒАН
ДӘУІТТИҢ ЕКІ ҰЛЫ ТУРАЛЫ ХИКАЯ АЙТЫП БЕР.



БЫЛАЙ ДЕП
АЙТ...СОНДА СЕН
ПАТШАНЫҢ НАЗАРЫН
ӨЗІНЕ ҚАРАТЫП
АЛАСЫҢ.

СОНДА ОЛ
АБЕССАЛОМДЫ
КЕШІРІП, ОНЫҢ
ҚАЙТЫП КЕЛУІНЕ
РУҚСАТ БЕРЕДІ.

ОСЫНЫҢ БӘРІН САҒАН АЙТҚЫЗЫП
ТУРҒАН ЖОҒАБ ЕМЕС ПЕ? ОЛ
АБЕССАЛОМДЫ САРАЙҒА ҚАЙТАРУ
ЖОЛЫН ІЗДЕП ЖҮР МЕ?

МЕНІҢ ПАТШАМ ИЕМНЕН
ЕШНӘРСЕДЕ ЖАСЫРЫН
ҚАЛМАЙДЫ, СІЗДЕ ШЫНЫМЕН
ДЕ ҚҰДАЙДАН КЕЛГЕН
ДАНАЛЫҚ БАР.



ЖАРАЙДЫ.
ЖОҒАБТЫ МАҒАН
ЖІБЕРІҢДЕР.

ЖАРАЙДЫ, ҰЛЫМ
АБЕССАЛОМ ҚАЙТЫП
ОРАЛУЫНА РУҚСАТ
БЕРЕМІН. БІРАҚ ОЛ ӨЗ ҮЙІНДЕ
ОТЫРАТЫН БОЛСЫН.

ЕНДІ СІЗ МАҒАН
ОҢ КӨЗІҢІЗБЕН
ҚАРАҒАНЫҢЫЗДЫ
БІЛДІМ, ӨЙТКЕНІ МЕНІҢ
АЙТҚАНЫМДЫ
ОРЫНДАДЫҢЫЗ.

ИӘ, БІРАҚ
МЕН ОНЫҢ ЖҮЗІН
КӨРМЕЙТІН
БОЛАЙЫН.



СӨЙТІП АБЕССАЛОМ ИЕРУСАЛИМГЕ ҚАЙТЫП
ОРАЛДЫ. ТУҒАН АҒАСЫН ӨЛТІРСЕ ДЕ, БҮКІЛ
ИСРАИЛДЕ КӨРКІ АБЕССАЛОМНЫҢ КӨРКІНЕН
КӨБІРЕК МАҚАЛҒАН ЕР АДАМ БОЛМАДЫ





АБЕССАЛОМ ИЕРУСАЛИМДЕ ПАТШАМЕН ЖҮЗДЕСЕ АЛМАЙ ЕКІ ЖЫЛ ЖҮРДІ. БҮДАН КЕЙІН АБЕССАЛОМ ПАТШАҒА ЖІБЕРЕЙІН ДЕП ЖОҒАБТЫ ШАҚЫРТТЫ. БІРАҚ ЖОҒАБ ОҒАН КЕЛУДЕН БАС ТАРТТЫ. СОНДА ОЛ ЖОСПАР ҚҰРДЫ.



СЕНІҢ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ
Ң НЕГЕ МЕНІҢ
ЕГІНІМДІ ӨРТЕП
ЖІБЕРДІ?

СЕНІМЕН
СӨЙЛЕСУҮҮШІН
ШАҚЫРТТЫМ
ЕМЕС ПЕ?

МЕН БҮЛ
ЖЕРДЕ ЕКІ ЖЫЛДАЙ
ОТЫРМЫН. ПАТШАНЫҢ
ЖҮЗІН КӨРГІМ КЕЛІП
ЖҮР. ӨЛТІРСЕ, ӨЛТІРСІН
ЕНДІ.

ЖАРАЙДЫ,
МЕН ПАТШАМЕН
СӨЙЛЕСЕМІН.



ДӘУІТ ӘСКЕР БАСШЫСЫН
ТЫҢДАП, ҰЛЫНЫҢ
ИЕРУСАЛИМГЕ ҚАЙТЫП
КЕЛУІНЕ РҰҚСАТ БЕРДІ.



БІРАҚТА БҮЛ ПАТШАҒА
ҚАРСЫ ҚАСТАНДЫҚ ЕДІ.

ЕГЕР МЕН
АДАМДАРҒА БИЛІК
СӨЙЛЕГЕНІМДЕ, ӘДІЛ
ДІ БОЛАТЫН ЕДІМ.

ПАТШАНЫҢ СОТЫНА БІРЕУ ЖІГҮНУГЕ КЕЛГЕНДЕ, АБЕССАЛОМ ОЛАРҒА СОТТЫН ӘДІЛ ҮКІМІ БОЛМАЙДЫ ДЕП ӨТІРІК АЙТАТЫН. ОЛ ӨТІРІК ПЕН ЖАЛА ЖАБУ АРҚЫЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ НАЗАРЫН ӨЗІНЕ АУДАРТЫП, СОЛ ҮШІН БАРЛЫҒЫН ЖАСАДЫ.



АБЕССАЛОМ АДАМДАРҒА ӘСЕРЛІ БОЛЫП КӨРІНУ ҮШІН ӨЗІНЕ СОҒЫС КҮЙМЕСІН, ОҒАН ЖЕГІЛЕТІН АТТАР ЖӘНЕ АЛДЫНДА ЖҮГІРІП ЖҮРЕТІН ЕЛУ АДАМДЫ ЖИНАДЫ.

ОЛ ХАЛЫҚТЫҢ ДӘУІТ ПАТШАҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІГІН ЖОЙДЫРЫП, ӨЗІН ПАТША ЕТІП ЖАРИЯЛАҒАНЫ ЖАЙЫНДА БҮКІЛ ЖЕРГЕ ХАБАРЛАМА ЖІБЕРДІ.

ДӘУІТТІҢ ҚҰЛАҒЫНА БҰЛ ХАБАР ЖЕТКЕНДЕ ОЛ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ ҚАШУ ЖОСПАРЫН ЖАСАДЫ.

СІЗДІҢ
ҚЫЗМЕТШІЛЕРІҢІЗ НЕ
ҚАЛАСАҢЫЗ ДА
ЖАСАУҒА ДАЙЫН.

СЕНІҢ
АДАЛДЫҒЫН БҰЛ
УАҚЫТТА СОНДАЙ
КҰНДЫ. ҚЫЗМЕТШІ
10 ӘЙЕЛДЕРДІ
ҚАЛДЫРЫҢДАР.
ОЛАР САРАЙҒА БАС
КӨЗ БОЛСЫН.

ПАТШАМ
МЕНІҢ ИЕМ!

ІТТАЙ, МЕНІҢ САДЫҚ
ЖАУЫҢҒЕР-ҚОРҒАУШЫМ.
МЕНИМЕН БАРУҒА МӘЖБҮР
ЕМЕССІҢ. СЕН ЖАҢА ҒАНА
БАСҚА ЕЛДЕН ОРАЛДЫҢ
ҒОЙ!

ПАТША ИЕМ
ӨЛІМҒЕ БОЛСЫН, ӨМІРҒЕ
БОЛСЫН, ҚАЙДА БАРСА
ДА, АЛДЫҢЫЗДАҒЫ
ҚЫЗМЕТШІҢІЗ ДЕ СОЛ
ЖЕРДЕ БОЛАДЫ!

ОСЫ АДАМДАРДЫҢ БӘРІ ПАТШАНЫҢ АЛДЫНАН
ӨТІП БАРА ЖАТҚАНДА, СОЛ АЙМАQТЫҢ БҰКІЛ
ХАЛҚЫ ҚАТТЫ ДАУЫСТАП ЖЫЛАП ТҰРДЫ.

ДӘУІТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ
ЗӘЙТҰН ТАУЫНА ҚАРАЙ КЕТТІ.

ХУШАЙ ДОСЫМ,
АХИТОПЕЛДІҢ
АБЕССАЛОМҒА
БЕРГЕН КЕҢЕСІН
ШАТАСТЫРСАҢ, МАҒ
АН КӨМЕКТЕСЕСІҢ.



ҚҰДАЙДЫҢ КЕЛІСІМ
САНДЫҒЫН ҚАЛАҒА
ҚАЙТАРШЫ. ЕГЕР ҚҰДАЙ
МАҒАН ОҢ КӨЗБЕН ҚАРАСА,
МЕН ДЕ ҚАЛАҒА ҚАЙТЫП
КЕЛІП, ОНЫ КӨРЕРМІН.



УА, ЖАРАТҚАН
ИЕ, АХИТОПЕЛДІҢ
БЕРЕТІН АҚЫЛЫН
АҚЫМАҚТЫҚҚА
АЙНАЛДЫРА ҒӨР!



ДӘУІТ ЗӘЙТУН ТАУЫНЫҢ БАСЫНАН СӘЛ ӨТЕ БЕРГЕНДЕ,
ОҒАН МЕПІБОШЕТТІҢ, Яғни ЖОНАТАННЫҢ ҰЛЫ, САУЛДЫҢ
НЕМЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТШІСІ СИБА КЕЗДЕСЕ КЕТТІ.



СЕН БҰЛАРМЕН
НЕ ІСТЕМЕКСІҢ?

ЕСЕКТЕР
ПАТШАНЫҢ ҮЙ ІШІ МІНСІН
ДЕП ӘКЕЛІНГЕН, НАН МЕН
ЖЕМІСТЕР ЖІГІПТЕРГЕ ЖЕУГЕ
ТАҒАМ, ШАРШАҒАНДАРДЫҢ
КҮШІН НЫҒАЙТУҒА
АРНАЛҒАН.



"АЛ МЫРЗАҢНЫҢ
ҰЛЫ МЕПІБОСЕТ
ҚАЙДА?"

ОЛ: «БҮГІН ИСРАИЛ ХАЛҚЫ МАҒАН АТАМ
САУЛДЫҢ ПАТШАЛЫҒЫН ҚАЙТАРЫП
БЕРЕДІ!» ДЕП ИЕРУСАЛИМДЕ ҚАЛЫП ҚОЙДЫ.



ЕНДЕШЕ
МЕПІБОСЕТТІҢ
МЕНШІГІНІҢ БӘРІ
СЕНІКІ БОЛСЫН!

АЛДЫҢЫЗДА БАС
ЖІП ҚҰЛДЫҚ ЕТЕМІН, УА,
ПАТША ИЕМ. ЛАЙЫМ
МЕЙІРІМІЗГЕ ИЕ
БОЛСАМ ЕКЕН.

БІРАҚ КӨБІСІ ДӘУІТТИ
ҚОЛДАМАДЫ.

КЕТ, ШЫҚ
ЕЛДЕН! ӘЙ,
ҚАНИШЕР,
ЖЕКСҰРЫН!

СЕН КІСІ ӨЛТІРГЕН
ҚАНИШЕРСІН,
СОНДЫҚТАН ДА ОСЫ
ПӘЛЕ БАСЫҢА ТҮСІП
ОТЫР!



МЫНА ИТТІҢ ӨЛІМТІГІ
НЕГЕ ПАТША ИЕМДІ ҚАРҒАП
БАЛАҒАТТАУДА?! МЕН ҚАЗІР-АҚ
БАРЫП, БАСЫН ШАУЫП
ТАСТАЙЫН!



ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ӨЗІ
«ДӘУІТТИ ҚАРҒА!» ДЕП
АЙТҚАНДЫҚТАН ОЛ МЕНІ
ҚАРҒАП ЖАТҚАН ШЫҒАР.

ТІПТІ ӨЗІМНІҢ
ТУҒАН ҰЛЫМ ЖАНЫМДЫ
АЛМАҚШЫ! ЕНДЕШЕ МЫНА
БУНЫМИНДІКТІҢ МЕНІ
ҚАРҒАУЫНА ОДАН ДА
КӨП СЕБЕБІ БАР.

ЖҮРЕ
БЕРСІН.

МҮМКІН, ЖАРАТҚАН
ИЕ МЕНІҢ КӨРІП ЖАТҚАН
ЖӨБІРІМЕ НАЗАР АУДАРЫП,
БҮГІН ЕСТІГЕН
ҚАРҒЫСТАРЫМНЫҢ
ОРНЫНА ЖАҚСЫЛЫҚ
СЫЙЛАР!





ПАТША
ЖАСАСЫН!

ДОСЫҢА ДЕГЕН
АДАЛДЫҒЫҢ ОСЫ МА?
НЕГЕ СЕН ДОСЫҢМЕН
БІРГЕ КЕТІП
ҚАЛМАДЫҢ?

АХИТОПЕЛ БАРСАБИЯНЫҢ АТАСЫ ЕДІ. МҮМКІН
ОЛ ОСЫ ЖАҒДАЙДЫ ДӘУІТТЕН ӨШІН АЛУ ҮШІН
ҚОЛДАҢҒЫСЫ КЕЛГЕН ШЫҒАР.



МЕН ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ,
МЫНА ХАЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ БҮКІЛ
ИСРАИЛ ЕЛІНІҢ ТАҢДАП АЛҒАН
АДАМЫНЫҢ ЖАҒЫНДАМЫН!
ӘКЕҢІЗГЕ ҚАЛАЙ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН
БОЛСАМ, ДӘЛ СОЛАЙ СІЗГЕ ДЕ
ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН!

ПАТША
ЖАСАСЫН!

СОҢЫНДА
АДАМДАРДЫ
ТЫҢДАЙТЫН ПАТША
КЕЛДІ!

ОНЫҢ
ПАТШАЛЫҒЫ
МӘҢГІБОЛСЫН!



ОЛ ӨТЕ ҚАДЫРЛЫ АДАМ БОЛАТЫН ЖӘНЕ
ДЕ ОНЫҢ АҚЫЛ-КЕҢЕСТЕРІ ҚҰДАЙДЫҢ
АЙТҚАНДАРЫМЕН БІРДЕЙ БОЛАТЫН.



ҚАНДАЙ
КЕҢЕСІҢ БАР?

ӘКЕҢНІҢ КӨЗІНІҢ
АЛДЫНДА ЖЕК КӨРІНІШТІ
БОЛ. СОҢДА ХАЛЫҚТЫҢ
АЛДЫНДА ПАТШАЛЫҒЫН
НЫҒАЯ ТҮСЕДІ.

ОНЫҢ ПАТШАСЫН
ТАРТЫП АЛҒАНЫМ
ҮШІН ӨЗІДЕ ЖЕК
КӨРІНІШТІ
БОЛДЫМ.

АЛ СЕН ОДАН БЕТЕР
ӘРЕКЕТТЕР ЖАСА.

ОЛ ӨЗІНІҢ
10 КӘНІЗАГІН
САРАЙҒА
ҚАРАУШЫ ЕТІП
ҚАЛДЫРДЫ.

ҮЙДІҢ ЖАЛПАҚ
ТӨБЕСІНЕ ШАТЫР
ТІККІЗІП, БҮКІЛ
ХАЛЫҚТЫҢ АЛДЫНДА
СОЛ КӨНІЗАҚТАРДЫ
АЛЫП, ОЛАРМЕН
ЖАТЫП ШЫҚ.

СОНДА БҮКІЛ
ИСРАИЛ СІЗДІҢ
ӘКЕҢІЗДІ ӘБДЕН
ҚОРЛАП, ОНЫМЕН
ЕШҚАШАН
ТАТУЛАСПАЙТЫНЫҢЫЗ
ҒА КӨЗ ЖЕТКІЗЕТІН
БОЛАДЫ.



ДӘУІТ ПАТШАНЫҢ
КӨНІЗАГТАРЫ ЕНДІ
АБЕССАЛОМҒА
ТИЕСІЛІ.

ЕНДІ
АБЕССАЛОМ
ӘКЕСІНЕ ТЫМ ЖЕК
КӨРІНІШТІ
БОЛДЫ.

ОЛ ЕНДІ БАСҚА
НӘРСЕЛЕР ЖАЙЫНДА ОЙЛАНУЫ
КЕРЕК. КИЕЛІ ҚҰДАЙ АБЕССАЛОМ
ЖАСАҒАН КҮНӘНІ КӨРІП ОТЫР
.ОЛ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАТЫН
БОЛАДЫ.





ДӘУІТТІҢ ҚАЗІРГІ ӘЛСІЗ
ӘРІ ШАРШАП-ШАЛДЫҚҚАН
КЕЗІНДЕ ШАБУЫЛДАП,
ЗӨРЕСІН УШЫРАТЫҢЫЗ.

СОНДА ҚАСЫНДАҒЫ
БАРЛЫҚ ЖАСАҒЫ ҚАШЫП
КЕТПІ, МЕН ТЕК ЖАЛҒЫЗ
ПАТШАНЫ ҒАНА
ҚҰРТАМЫН

КЕРЕМЕТ. СОНДА
ПАТШАЛЫҚ
ТҚ МЕНІҢ
ҚОЛЫМДА
БОЛАДЫ.

ЖАҚСЫ КЕҢЕС
ЕКЕН. БІРАҚ МЕН
ХУШАЙДЫҢ ДА
НЕ АЙТАТЫНЫҢ
ТЫҢДАҒЫМ КЕЛІП
ОТЫР.



СЕН НЕ ДЕП
ОЙЛАЙСЫҢ?

ӘКЕҢНІҢ
АДАМДАРЫНЫҢ
МЫҚТЫ ДА ТӘЖІРЕБЕЛІ
ЖАУЫНГЕРЛЕР ЕКЕНІН
БІЛЕСІН.

СОҒЫСҚАН
КЕЗДЕ ОЛАР ДАЛАДА
ҚОҢЖЫҚТАРЫНАН
АЙЫРЫЛҒАН УРҒАШЫ АЮ
СИЯҚТЫ ҚАҢАРЛАНАТЫНЫН
БІЛЕСІЗ.

ОНЫҢҮСТІНЕ, ӘКЕҢІЗ —
ТӘЖІРЕБЕЛІ ЖАУЫНГЕР, ОЛ
ЖАСАҒЫНАН БӨЛЕК ТҮНЕЙТІН
БОЛАР. ОЛ ТІПТІ ҚАЗІР ДЕ ҚАНДАЙ
ДА БІР ҮНГІРДЕ НЕМЕСЕ ӘЙТЕУІР
БІР ЖЕРДЕ ТЫҒЫЛЫП ОТЫРҒАН
ШЫҒАР.

ЕГЕР ОЛ
ӘСКЕРІҢІЗГЕ ШАБУЫЛ
ЖАСАП, АДАМДАРЫҢЫЗДЫҢ
БІРҚАТАРЫ ҚАЗА ТАПСА,
ОНЫ ЕСТІГЕНДЕР:
«АБЕССАЛОМ ЖЕҢІЛІПТІ!»
ДЕЙТІН БОЛАДЫ.



СОНДЫҚТАН МЕНІҢ СІЗГЕ БЕРЕТІН
АҚЫЛЫМ МЫНАУ: БҮКІЛ ИСРАИЛ
ЕЛІНІҢ ҚҰМ ҚИЫРШЫҚТАРЫ ІСПЕТТІ
САНСЫЗ КӨП ЕР АДАМДАРЫ
ЖАНЫҢЫЗҒА ЖИНАЛСЫН!

СОНДА ОЛ ҚАЙ
ЖЕРДЕ БОЛСА ДА, БІЗ
ОҒАН БАС САЛЫП, ЖЕРГЕ
ҚҰЙЫЛҒАН ЖАУЫНДАЙ
ЖАППАЙ ТАП БЕРЕЙІК!

АРХИЛІК ХУШАЙДЫҢ
БЕРГЕН КЕҢЕСІ
АХИТОПЕЛДІКІНЕН
ЖАҚСЫ ЕКЕН! —



АЛ ӨЗ КЕҢЕСІНІҢ ІСКЕ АСПАҒАНЫН КӨРГЕН АХИТОПЕЛ
ЕСЕГІН ЕРТТЕП, ӨЗІ ҮЙІНЕ КЕТПІ, АСЫЛЫП ӨЛДІ.



ХУШАЙ ДІНИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АБИЯТАР
МЕН САДЫҚҚА БАРДЫ.

ИОРДАННЫҢ
ӨТКЕЛДЕРІНІҢ МАҢЫНДА
ТҮНЕМЕҢІЗ. ҚАЙТКЕН
КҮНДЕ ДЕ ӨЗЕННЕН
ТЕЗІРЕК ӨТІҢІЗ!

ЖӘНЕ ДЕ
АБЕССАЛОМ
ДӘУІТКЕ ҚАРСЫ
ҮЛКЕН ӘСКЕР
ЖИНАП ЖАТЫР

ХУШАЙДЫҢ БҮЛ КЕҢЕСІ ДӘУІТКЕ ШАБУЙЛҒА
ДАЙЫН БОЛУ ҮШІН КӨБІРЕК УАҚЫТ БЕРДІ.

ОЛ ҮШ ОТРЯДТАН ТҰРАТЫН ЖАУЫНҒЕРЛЕРДІ
ЖІБЕРЕДІ. ӘСКЕР БАСШЫСЫНДА ЖОҒА, АБИШАЙ
ЖӘНЕ ІТТАЙ БОЛДЫ. ОЛАР ДӘУІТКЕ ӘРДАЙЫМ
САДЫҚ БОЛДЫ.

ОЛ БАРЛЫҚ ЖАУЫНҒЕР МЕН
ӘСКЕР БАСШЫЛАРЫНА
НАҚТЫ БҰЙРЫҚ БЕРДІ.

АБЕССАЛОМДЫ
МЕНИҢ ҮШІН
ӨЛТІРМЕҢДЕР.



МЕН ДЕ
СЕНДЕРМЕН
СОҒЫСҚА
АТТАНАМЫН.

ТАҚСЫР, БАРМАЙ-АҚ
ҚОЙЫҢЫЗ. БІЗ ҚАШСАҚ ТА,
ОЛАР БІЗГЕ ОНША КӨҢІЛ
АУДАРМАС. ЖАРТЫМЫЗ
ҚЫРЫЛЫП ҚАЛСАҚ ТА, ОЛАРҒА
БҮЛ БӘРІБІРАЛ СІЗДІҢ ӨМІРІҢІЗ
БІЗ СИЯҚТЫ ОН МҰН
АДАМНЫҢ ӨМІРІНЕ
ТҰРАДЫ.



ШАЙҚАС ЕФРЕМ ОРМАНЫНДА ӨТТІ. СОЛ КҮНІ ШЫҒЫН
БОЛҒАН АДАМДАРДЫҢ САНЫ ӨТЕ КӨП — ЖИЫРМА МҰН
БОЛДЫ. ШАЙҚАС БҮКІЛ АЙМАҚҚА ТАРАП, НУ ОРМАНДА
ҚЫРЫЛЫП ҚАЛҒАНДАР СЕМСЕРДЕН ҚАЗА
ТАПҚАНДАРДАН ДА КӨП БОЛДЫ.

АБЕССАЛОМ ДӘУІТТИҢ
ЖАСАҚШЫЛАРЫНА КҮТПЕГЕН
ЖЕРДЕН КЕЗДЕСТІ





????

ЕМЕНДЕ
ІЛІНІП ТҰРҒАН
АБЕССАЛОМДЫ
КӨРДІМ!

НЕМЕНЕ?
СЕН ОНЫ КӨРДІҢ
БЕ? НЕГЕ ОНЫ ДӘЛ
СОЛ ЖЕРДЕ
ШАУЫП, ЖЕРГЕ
ТҮСІРМЕДІҢ?

ТІПТІ ҚОЛЫМА
МҰНҚА
МҰНҚА
КҮМІС БЕРСЕҢІЗ ДЕ,
МЕН ПАТШАНЫҢ
УЛЫНА ҚАРСЫ ҚОЛ
КӨТЕРМЕС ЕДІМ.

ПАТШАНЫҢ
БҰЙРЫҒЫН
ЕСТІДІҢ.



ЕГЕР МЕН ОНЫҢ
ӨМІРІНЕ ҚАСТАНДЫҚ
ЖАСАҒАН БОЛСАМ, БҰЛ
БӘРІБІР ПАТШАДАН
ЖАСЫРЫН ҚАЛМАС ЕДІ.
АЛ СІЗ МЕНЕН АЛШАҚ
КЕТЕР ЕДІҢІЗ

СЕНІМЕН
АЙТЫСЫП
УАҚЫТЫМДЫ
БОСҚА
ӨТКІЗБЕЙ-АҚ
ҚОЯЙЫН!

ПАТШАҒА ҚАРСЫ
ШЫҒАТЫНДАР ТЕК
ОСЫНДАЙ ЖАЗАҒА
ТАРТЫЛАДЫ.

ОЛ ӨЛДІ МЕ
ТЕКСЕРІҢДЕР.



МЕН ЕНДІ
ЖҮГІРІП БАРЫП,
ПАТШАҒА ҚУАНЫШТЫ
ХАБАРДЫ
ЖЕТКІЗЕЙІН!

ЖОҚ, БАСҚА БІР
КҮНІ ХАБАР ЖЕТКІЗУІНЕ
БОЛАДЫ. ӨЙТКЕНІ
ПАТШАНЫҢ ҰЛЫ МЕРТ
БОЛДЫ



ПАТШАҒА
БАРЫП, КӨРГЕНДЕРІҢ
ДІ МӘЛІМДЕП БЕР!



НЕ БОЛСА, О
БОЛСЫН! ӨТІНЕМІН,
ҚҰШТЫҚТЫҢ СОҢЫНАН
ЖҮГІРУГЕ МАҒАН
РҰҚСАТ БЕРІҢІЗШІ

НЕЛІКТЕН
БАРҒЫҢ КЕЛІП
ТҮР? АПАРАТЫН
ХАБАРЫҢ СҮЙІНШІ
АЛАТЫН ХАБАР
ЕМЕС ҚОЙ!

НЕ БОЛСА, О
БОЛСЫН! ЖҮГІР
ГІМ КЕЛІП ТҮР

МЕЙЛІ,
ЖҮГІРЕ
БЕР!



ШАБУҢ ОРЫНАН
ХАБАР ЖЕТКІЗУ ҮШІН
АДАМ КЕЛЕ ЖАТЫР!



ЕГЕР СОЛ АДАМ
ЖАЛҒЫЗ ӨЗІ КЕЛЕ
ЖАТСА, ОНДА ОЛ
ЖАҚСЫ ХАБАР
ӘКЕЛЕ ЖАТЫР





БЕУ, СОРЛЫ ҰЛЫМ
АБЕССАЛОМ-АЙ!

НЕГЕ ҒАНА
СЕНІҢ ОРНЫҢДА
МЕН ӨЛМЕДІМ
ЕКЕН!



БҮГІН СІЗ ӨЗІҢІЗДІҢ ӨМІРІҢІЗДІ ДЕ,
ЖАНҰЯНЫҢ ӨМІРІН ДЕ АМАН САҚТАП
ҚАЛҒАН ЖАУЫҢҒЕРЛЕРІҢІЗДІ ҚАРА
БЕТ ҚЫЛДЫҢЫЗ

СІЗ ӨЗІҢІЗДІ
ЖЕК КӨРЕТІНДЕРДІ
СҮЙІП, ӨЗІҢІЗДІ
СҮЙЕТІНДЕРДІ ЖЕК
КӨРЕСІЗ!

ЕГЕР АБЕССАЛОМ
ТІРІ ҚАЛЫП, БІЗДІҢ
БӘРІМІЗ ҚЫРЫЛЫП
ҚАЛҒАН БОЛСАҚ, СІЗ
СОҒАН РИЗА БОЛАР ЕДІҢІЗ!



АЛ ЕНДІ, СЫРТҚА ШЫҒЫП,
ҚЫЗМЕТШІЛЕРІҢІЗГЕ ЖЫЛЫ СӨЙЛЕП,
ЖІГЕРЛЕНДІРІҢІЗ! ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ
АЛДЫНДА АНТ ЕТЕМІН: ЕГЕР
ШЫҚПАЙТЫН БОЛСАҢЫЗ, БҮГІН
КЕШКЕ ДЕЙІН СІЗДІҢ ЖАҒЫҢЫЗДА
БІРДЕ-БІР АДАМ ҚАЛМАЙДЫ!

БҮЛ СІЗ ҮШІН ЖАСТЫҚ
ШАҒЫҢЫЗДАН БЕРІ ОСЫ
КЕЗГЕ ШЕЙІН БАСЫҢЫЗҒА
ТҮСКЕН АПАТТАРДЫҢ
БАРЛЫҒЫНАН ДА ЗОР
БОЛМАҚ!



ЖАҚСЫ,
ПАТША ҚАЛА
ҚАҚПАСЫНЫҢ
АЛДЫНДА ОТЫР.

БІЗ ПАТШАМЫЗ
ҮШІН ЖАҚСЫ
СОҒЫСҚАНЫМЫЗД
Ы ОЛ БІЛЕДІ.



СОНЫМЕН АБЕССАЛОМ ЖЕҢІЛІП ҚАЛҒАН СОҒЫСЫНАН ПАТША
КЕРІ ҚАЙТАЙЫН ДЕП ЖОЛҒА ШЫҒЫП, ИОРДАНҒА ДЕЙІН ЖЕТТІ.

ПАТША ОНЫ ҚАРҒАҒАН ШИМЕЙ БЕН ЖОНАТАН ҰЛЫ
МЕПИБОСЕТТІ КЕШІРІП, ОЛАРҒА МЕЙІМДІЛІК ТАНЫТТЫ.



МІНЕ, БАРЗИЛАЙ!
БАРЛЫҚ ҚАЖЕТТЕРІМЕН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП
ТҮРҒАН ОСЫ КІСІ ЕДІ.



МАҒАН ЕРІП ӨЗЕННЕН
ӨТІҢІЗ. МЕН СІЗДІ
ИЕРУСАЛИМГЕ ӨЗ
ҚАСЫМА АЛЫП,
БАҒЫП-ҚАҒАЙЫН

ПАТШАҒА ЕРІП
ИЕРУСАЛИМГЕ ӨРЛЕП
БАРЫП МАҒАН НЕ БАР?
35 ЖАСЫМ ҚАЗІР СЕКСЕНДЕ.
НЕНІҢ ЖАҒЫМСЫЗ ЕКЕНІН
АЙЫРУДАН, ІШКЕН-ЖЕГЕНІМНІҢ
ДӘМІН СЕЗУДЕН ДЕ ҚАЛДЫМ.
ӨЗІМНІҢ ҚАЛАМДА,
ӘКЕ-ШЕШЕМНІҢ ҚАБІРІНІҢ
ЖАНЫНДА КӨЗ ЖҰМА АЛУЫМ ҮШІН
ҚЫЗМЕТШІНІЗДІҢ ҚАЙТУЫНА
РҰҚСАТ БЕРСЕҢІЗ ЕКЕН!



ҚАРАҒДАР--МІНЕ
ИСРАИЛДІКТЕР
КЕЛЕ ЖАТЫР БІЗГЕ



ЯҒУДАНЫҢ
АДАМДАРЫ НЕГЕ ПАТШАНЫ
УРЛАП АЛЫП КЕТПІ, ӨЗІҢІЗДІ,
ОТБАСЫҢЫЗ БЕН БАРЛЫҚ
АДАМДАРЫҢЫЗДЫ
ИОРДАННАН ӨТКІЗІП
ЖІБЕРДІ?

БІЗ ОН РУМЫЗ ҒОЙ.
БІЗДІҢ ПАТШАДАН
ҮЛЕСІМІЗ СЕНДЕРДІКІНЕ
ҚАРАҒАНДА КӨБІРЕК!
ПАТШАМЫЗДЫ КЕРІ
ҚАЙТАРУ КЕРЕК ДЕП
БІРІНШІ АЙТҚАН БІЗ
ЕМЕС ПЕ ЕДІК?

ПАТША БІЗДІҢ ҚАДАС
ТУЫСЫМЫЗ ҒОЙ. БІЗ ОНЫҢ
ҚОРИАН ЕШ НӘРСЕ АЛҒАН
ЖОҚПЫЗ.




ДӘУІТКЕ БІЗДІҢ ЕШ
ҚАТЫСЫМЫЗ ЖОҚ
ЕСЕЙДІҢ ҰЛЫНДА ЕШ
ҮЛЕСІМІЗ ЖОҚ
МЕКЕНДЕРІҢЕ ҚАЙТЫҢДАР,
ИСРАИЛДІКТЕР!



САРАЙЫМДЫ КҮТУГЕ
ҚАЛДЫРЫП КЕТКЕН ЖӘНЕ
АБЕССАЛОММЕН ЖАҚЫНДАСҚАН
ОН ҚӘНИЗАҒЫМ АРНАЙЫ ҮЙДЕ
КҮЗЕТТІРІП ҚОЙЫҢДАР.

ОЛАРДЫ БАРЛЫҚ
КЕРЕК-ЖАРАҚТАРЫМЕН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІҢДЕР, ЖЕСІР
ІСПЕТТІ ӨМІР СҮРСІН.



АМАСА, ЯҒУДАНЫҢ ЕР
АДАМДАРЫН ЖИНАП, ҮШ
КҮННІҢ ІШІНДЕ ӨЗІҢ ДЕ ОСЫНДА
БОЛ! ТЕЗДЕТІП ИЕҢНІҢ
ЖАСАҚШЫЛАРЫН ЕРТІП АЛЫП,
ШЕБАНЫҢ СОҢЫНАН ТҮС!





ШЕБА БІЗГЕ
АБЕССАЛОМНАН ДА
ЗОР ЗИЯҢ КЕЛТІРЕТІН
БОЛАДЫ.ОЛ БІР БЕКІНІСТІ
ҚАЛАЛАР ТАУЫП АЛЫП,
КӨЗІМІЗДЕН ТАСАЛАНЫП,
ҚАШЫП КЕТПІ
ЖҮРЕР!





ӘСКЕР БАСШЫЛАРЫ
ӘБИШАЙ МЕН ЖОҒАБ-БАРЛЫҒ
Ы ОРЫНДАРЫНДА. ЗАБУЛОН
ҰЛДАРЫ ҚАҚПАЛАРДЫҢ
ҚҰЛАУЫН КҮТІП ОТЫР.

ӘБЕЛ-БЕТ-МАХАНЫҢ
ТҮРҒЫНДАРЫ
ШЕБАНЫ
ҚОРҒАҒАНДАРЫ ҮШІН
ЖАУАПҚА
ТАРТЫЛАДЫ.

АЛДЫҢЫЗДАҒЫ
КҮНІҢІЗДІҢ СӨЗІНЕ
ҚҰЛАҚ
САЛЫҢЫЗШЫ

ТЫҢДАП
ТҮРМЫН.

МЕН ИСРАИЛДЕГІ БЕЙІТ ТЕ АДАЛ
АДАМДАРДЫҢ БІРІМІН. АЛ СІЗ
ИСРАИЛДЕГІ ҚАЛАЛАРДЫҢ АНАСЫ
ІСПЕТТІ СЫЙЛЫ ҚАЛАНЫ ҚҰРТАЙЫН
ДЕП ОТЫРСЫЗ. ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ
МЕНШІКТІ ЖЕРІН НЕГЕ ЖАЛМАП
ҚОЙҒЫҢЫЗ КЕЛІП ОТЫР?

МЕНИ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ
МЕНШІКТІ ЖЕРІН ЖОЮДАН
САҚТАСЫН! БИХРИДІҢ ҰРПАҒЫ
ШЕБА ДЕГЕН БІРЕУ ДӘУІТ
ПАТШАҒА ҚАРСЫ БҮЛІК
ШЫҒАРДЫ!

ТЕК СОНЫ
ҒАНА МАҒАН ҰСТАП
БЕРІҢДЕР! СОНДА
МЕН ҚАЛАДАН
КЕТЕМІН.

ЖАРАЙДЫ,
ОНЫҢ БАСЫ СІЗГЕ
ҚАБЫРҒАДАН
ЛАҚТЫРЫЛАДЫ



КЕРНЕЙДІ ТАРТ
ЫП БЕЛГІ БЕРІҢДЕР,
БІЗ ИСРАИЛГЕ
ОРАЛАМЫЗ.

ДӘУІТ ПАТШАНЫҢ ЗАМАНЫНДА ЕЛДІ ҮШ
ЖЫЛ БОЙЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖАЙЛАДЫ.



ДӘУІТ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ СИЫНЫП
СОНЫҢ СЕБЕБІН СҰРАДЫ.

САУЛДЫҢ ӨЗІ МЕН ӘУЛЕТІНІҢ МОЙНЫНДА
ГИБЕОНДЫҚТАРДЫҢ ТӨГІЛГЕН ҚАНЫ
БАР. ОСЫ АШАРШЫЛЫҚ СОНЫҢ
КЕСІРІНЕН

ИЕШУА НҰН ҰЛЫ СІЗДЕРДІ
ҚҰРТПАЙМЫН ДЕП АНТ
БЕРГЕН ЕДІ. АЛ САУЛ
СІЗДЕРДІ ҚҰРТПАУШЫ
БОЛДЫ.

САУЛДЫҢ ӘУЛЕТІНЕН НЕ КҮМІС,
НЕ АЛТЫН ТАЛАП ЕТПЕЙМІЗ. АЛ
ИСРАИЛДЕ БІРЕУДІ ӨЛТІРУГЕ ЕШ
ҚҰҚЫМЫЗ ДА ЖОҚ!

МЕН СЕНДЕР
ҮШІН НЕ
ІСТЕЙІН?

СЕНДЕР ЖАРАТҚАН
ИЕНІҢ МЕНШІКТІ ЕЛІНЕ АҚ
БАТА БЕРУЛЕРІҢ ҮШІН МЕН
ҚАЛАЙША СОЛ КҮНӘНІҢ
ҚҰНЫН ӨТЕЙ АЛАМЫН?

ОДАН ТАРАҒАН
ҰРПАҚТАРДАН ЖЕТІ ЕР
АДАМ ҚОЛЫМЫЗҒА
ТАПСЫРЫЛСЫН. БІЗ
ОЛАРДЫ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ
АЛДЫНДА, АСЫП
ӨЛТІРЕЙІК

МЕН СОЛАРДЫ
ҚОЛДАРЫҢА
ТАПСЫРАМЫН!



САУЛДЫҢ АЯХ ҚЫЗЫ РИСПАДАН ТУҒАН ЕКІ ҰЛЫ, ӘРІ САУЛДЫҢ
ҚЫЗЫ МЕРАБ БЕС ҰЛЫ БАР БОЛАТЫН. ГИБЕОНДЫҚТАР БҰЛАРДЫ
ТАУ БАСЫНДА ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ АЛДЫНДА АСЫП ҚОЙДЫ.



СОНДА АЯХ ҚЫЗЫ РИСПА ЕГІН ОРАҒЫНЫҢ БАСЫНАН
БАСТАП, АСПАННАН МӘЙІТТЕРГЕ ЖАҢБЫР ЖАУҒАН
КЕЗГЕ ДЕЙІН СОЛ ЖЕРДЕ ОТЫРДЫ.



ОЛ АСУЛЫ ТҰРҒАН МӘЙІТТЕРГЕ
КҮНДІЗ ҚҰСТАРДЫ, ТҮНДЕ АҢДАРДЫ
ЖОЛАТПАДЫ.



САУЛ МАРҚҰМНЫҢ КӘНИЗАҒЫ РИСПАНЫҢ НЕ
ІСТЕГЕНІ ТУРАЛЫ ХАБАР ДӘУІТКЕ ЖЕТТІ.



ОЛ АДАМДАРДЫҢ
СҮЙЕКТЕРІН ЖИНАП
АЛЫҢДАР. ЖӘНЕ САУЛ МЕН
ЖОНАТАННЫҢ СҮЙЕКТЕРІН
ЯБЕСТЕГІ ҒИЛАҚАД
АДАМДАРЫНАН СУРАП
АЛЫҢДАР.

БҰЛАР ЖӘНЕ САУЛ МЕН ЖОНАТАННЫҢ СҮЙЕКТЕРІ
БУНЫМИН ЖЕРІНДЕГІ СЕЛАДА САУЛДЫҢ ӘКЕСІ
ҚИШТЫҢ ҚАБІРІНЕ ҚОЙЫЛДЫ.



ОСЫДАН КЕЙІН ҚҰДАЙ ЕЛ ҮШІН ЖАСАЛҒАН
МІНАЖАТТАРДЫ РАҚЫММЕН ҚАБЫЛДАДЫ.

ФИЛИСТИНЦЫ ТАКЖА ДА ИСРАИЛГЕ ҚАРСЫ
СОҒЫС АШТЫ. СОЛАРМЕН БІРГЕ АЛЫП
РАФАНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ ДА БОЛДЫ.



ДӘУИТ ӨЗІНІҢ ЖАСАҚШЫЛАРЫМЕН БІРГЕ
ОЛАРҒА ҚАРСЫ ЖОРЫҚҚА АТТАНДЫ.

ФИЛИСТИНЦЫЛАРМЕН
ШАЙҚАСЫП ЖАТҚАНДА
ДӘУИТТИҢ ӘЛІ КЕТІП
ҚАЛЖЫРАДЫ.



ЕНДІ ҚАЙТЫП
БІЗБЕН БІРГЕ
ЕШҚАШАН ШАЙҚАСҚА
ШЫҚПАСАҢЫЗ ЕКЕН!

СЕБЕБІ
ИСРАИЛДІҢ
ШАМ-ШЫРАҒЫН
ӨШІРУГЕ
БОЛМАЙДЫ!



СОЛ КЕЗДЕ ХУШАЛЫҚ СИПХАЙ
РАФАНЫҢ АЛЫП ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ТАҒЫ
БІРЕУІ — САФТЫ ЖЕҢІП, КӨЗІН ҚҰРТТЫ.



ФІЛІСТІРЛЕРМЕН БОЛҒАН БАСҚА БІР
ШАЙҚАСТА ҒАТТЫҚ АЛЫП ҒОЛИЯТ
ЕСІМДІ КЕЗДЕСТІРДІ.



СОНЫҢ СҮҢГІСІНІҢ САБЫ БАҚАНДАЙ ЖУАН БОЛАТЫН БОЛСА ДА,
БЕТЛЕХЕМДІК ЖАУЫНГЕР ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕ ОНЫ ӨЛТІРІП ТАСТАЙДЫ.


ТАҒЫ БАСҚА БІР ШАЙҚАС ҒАТ ҚАЛАСЫНДА БОЛДЫ.
ОҒАН ДА ӨТЕ ҰЗЫН БОЙЛЫ БІР АДАМ ҚАТЫСТЫ.
СОНЫҢ АЯҚ-ҚОЛДАРЫНДА АЛТЫ-АЛТЫДАН, ОН ЕКІ
САУСАҒЫ МЕН ОН ЕКІ БАШАЙЫ БАР ЕДІ.



ӘЛГІ АЛЫП ИСРАИЛГЕ ТІЛ ТИГІЗІП ОНЫ
ҚОРЛАҒАНДА, ДӘУІТТІҢ АҒАСЫ ШАММАХТЫҢ
ҰЛЫ ЖОНАТАН ОНЫ ӨЛТІРІП ТАСТАДЫ.



ОСЫ ТӨРТ АЛЫП АДАМДАР ДӘУІТ
ПЕН ОНЫҢ ЖАСАҚШЫЛАРЫНЫҢ
ҚОЛДАРЫНАН МЕРТ БОЛДЫ.



ДӘУІТТІҢ 30 ЖАУЫНГЕРІ ЖӘНЕ ӘСКЕР
БАСШЫЛАРЫ ЖАРАҚАТТАНДЫ. ОЛАР ЕНДІ
МӘҢГІ БАҚИ ТАНЫМАЛ БОЛЫП ҚАЛДЫ.

ОСЫЛАРДЫҢ ҮШЕУІ ҮШ
ЖАУЫНГЕР БОЛЫП ТАНЫЛДЫ.

БӘСЕБЕТ, ОЛ ҮШ БАТЫРДЫҢ БАСШЫСЫ БОЛДЫ.
БІР ШАЙҚАСТА ОЛ СЕГІЗ ЖҮЗ ЖАУ САРБАЗЫН
БІРАҚ СУҢҒІСИМЕН ТҮЙРЕП ӨЛТІРГЕН ЕДІ.




ҮШ БАТЫРДЫҢ
ЕКІНШІСІ ЕЛАЗАР
БОЛАТЫН. ИСРАИЛДІК
ЖАСАҚШЫЛАР ЖАУДАН
ШЕГІНГЕНМЕН, ОЛ СОЛ
ЖЕРДЕ БЕРІК ТҮРДЫ.

ФІЛІСТІРЛЕРДІ СОҚҚЫЛАЙ БЕРГЕННЕН ҚОЛЫ ӘБДЕН
ШАРШАП, СЕМСЕРІНЕ ҚАРЫСЫП ҚАЛДЫ. ОЛ ҮЛКЕН ЖЕҢІСКЕ
ЖЕТКІЗДІ. ӘСКЕР ЖАСАҒЫ ӨЛГЕНДЕРДІҢ ҚАРУ-ЖАРАҚТАРЫН
ОЛЖАЛАУДАН БАСҚА ЖҰМЫС БОЛМАДЫ.



ОДАН КЕЙІНГІ БАТЫР ШАММАХ. ОЛ
ЕГІСТІКТІ ФІЛІСТІРЛЕРДІ ҚЫРЫП-ЖОЙЫП,
ОЛАРДАН АМАН САҚТАП ҚАЛДЫ.



ЖОҒАБТЫҢ ТУҒАН ІНІСІ ӘБШАЙ
ОТЫЗ БАТЫРДЫҢ БАСШЫСЫ ЕДІ.

ӘБШАЙ СУҢҒІСИМЕН ҮШ ЖҮЗ ЖАУЫН
ТҮЙРЕП ӨЛТІРІП, ҮШ БАТЫРДІКІНДЕЙ
АТАҚТЫ ИЕМДЕНДІ.



БЕНАЯХ ТА ЕРЛІК ІСТЕР ЖАСАҒАН
МЫҚТЫ ЖАУЫНГЕР БОЛДЫ. ОЛ
ҚАР ЖАУЫП ТҮРҒАН БІР КҮНІ
ҰРАҒА ТҮСІП, ОНЫҢ ІШІНДЕГІ
АРЫСТАНДЫ ӨЛТІРДІ.

БЕНАЯХ БІР АЛЫП
МЫСЫРЛЫҚТЫҢ ДА КӨЗІН
ҚҰРТТЫ. МЫСЫРЛЫҚТЫҢ
ҚОЛЫНДА СҰҒІ БОЛДЫ.

БЕНАЯХ ОҒАН ҚАРСЫ БІР
ТАЯҚПЕН ҒАНА ШЫҒЫП,
МЫСЫРЛЫҚТЫҢ ҚОЛЫНАН
СҰҒІСІН ТАРТЫП АЛЫП, ОНЫ
СОНЫСЫМЕН ТҮЙРЕП ӨЛТІРДІ.

ДӘУІТ БЕНАЯХТЫ ӨЗІНІҢ ҰЛАН
БӘЛІМДЕРІНІҢ БАСШЫСЫ ЕТІП ҚОЙДЫ.

БАТЫРЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ
ОТЫЗ ЖЕТІ БОЛДЫ. ОЛАРДЫҢ
ІШІНДЕ ХЕТТІК ҰРИЯ ДА БОЛДЫ.

ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ҚАҒАРЫ (КҮНӘ ЖАСАП ЖҮРГЕН)
ИСРАИЛГЕ ҚАРСЫ ҚАЙТАДАН ЛАУЛАДЫ.



СОНДА (ӘЗӘЗІЛ) ДӘУІТТІ ХАЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚОЙЫП, ЖОҒАБҚА ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ ҚОЛБАСШЫЛАРЫНА БҰЙРЫҚ БЕРДІ:



ӘСКЕР ЖАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ САНЫН БІЛГІМ КЕЛЕДІ. ИСРАИЛДІҢ РУЛАРЫН ТҮГЕЛДЕЙ ҚАМТЫП, ХАЛЫҚТЫҢ САНАҒЫН АЛҢЫҢДАР!

ӘСКЕР ЖАСЫНДАҒЫ ХАЛҚЫҢЫЗ ҚАНШАМА КӨП БОЛСА, ҚҰДАЙЫҢЫЗ ЖАРАТҚАН ИЕ ОНЫ ЖҮЗ ЕСЕ КӨБЕЙТЕ КӨРСІН! БІРАҚ БҰНЫ ЖАСАЙ КӨРМЕҢІЗ.



ЖОҒАБ БҰЛ СӨЗДЕРГЕ ҚАРСЫ ШЫҚТЫ, ӨЙТКЕНІ ҚҰДАЙ БҒАН РҰҚСАТ БЕРМЕЙТІН. АЛАЙДА ДӘУІТТІҢ СӨЗІ ОРЫНДАЛДЫ.

ЖОҒАБ ПАТШАҒА СЕМСЕР ҰСТАУҒА ЖАРАМДЫ МЫҚТЫ АДАМДАРДЫҢ САНЫ СОЛТУСТІК ИСРАИЛДЕ СЕГІЗ ЖҮЗ МЫҢ, ЯҺУДАДА БЕС ЖҮЗ МЫҢ АДАМ БОЛҒАНЫҢ АЙТТЫ.



КҮНӘҒА БАТҚАН МЕН ҒОЙ! МЕНІҢ ӨЗІМ ТЕРІС ІС ЖАСАДЫМ.

СОЛ КҮНІ ҒАД ПАЙҒАМБАРҒА
ҚҰДАЙДАН СӨЗ КЕЛДІ.

ЖАРАТҚАН ИЕ МЫНАНЫ
АЙТАДЫ: САҒАН БІРЕУІН
ТАҢДАП АЛУҒА ҮШ ЖАЗАНЫ
ҰСЫНАМЫН. ТАҢДАП
АЛҒАНЫҒДЫ МЕН ӨЗІҢЕ
ҚОЛДАНАМЫН

НЕ ЕЛІНДЕ ЖЕТІ ЖЫЛ
БОЙЫ АШАРШЫЛЫҚ
ЖАЙЛАҒАНЫН БА?

НЕ ӨЗІҢНІҢ
ҮШ АЙ БОЙЫ
АРТЫҢНАН ҚҰҒАН
ЖАУЛАРЫҢНАН
ҚАШҚАНЫҒДЫ
МА?

НЕ ЕЛІНДІ
ҮШ КҮН БОЙЫ
ІНДЕТ БИЛЕГЕНІН
БЕ?

ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ
ҚОЛЫНА ТҮСЕЙІК,
ӨЙТКЕНІ ОНЫҢ
МЕЙІРІМІ МОЛ

БІРАҚ
АДАМДАРДЫҢ
ҚОЛЫНА
ТҮСПЕЙІНШІ!

СОЛ СЕБЕПТІ ЖАРАТҚАН ИЕ
ТАҢЕРТЕҢНЕН БАСТАП, БЕЛГІЛЕГЕН
УАҚЫТТЫҢ СОҒЫНА ДЕЙІН
ИСРАИЛГЕ ІНДЕТ ЖАЙЛАТТЫ.
ЖЕТПІС МЫҢ ЕР АДАМ ӨЛДІ.

ХАЛЫҚТЫ ҚЫРЫП ЖАТҚАН ПЕРІШТЕ
ЕНДІ ИЕРУСАЛИМДІ ДЕ ҚҰРТУ ҮШІН
ҚОЛЫН СОЗА БЕРГЕНДЕ, ЖАРАТҚАН
ИЕ БОЛЫП ЖАТҚАН АПАТ ТУРАЛЫ
АЯУШЫЛЫҚ ТАНЫТЫП, ПЕРІШТЕГЕ:

«ЖЕТЕР ЕНДІ,
ҚОЛЫҒДЫ
ТАРТ!»

ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ПЕРІШТЕСІ ЕБУСТІК ОРНАНЫҢ АСТЫҚ БАСТЫРАТЫН ҚЫРМАНЫНЫҢ ҚАСЫНДА ХАЛЫҚТЫ ҚЫРЫП ЖАТҚАНЫҢ ДӘУІТ БАЙҚАП ҚАЛЫП, ЖАРАТҚАН ИЕГЕ:

КҮНӘҒА БАТҚАН
МЕН ҒОЙЫРАҚ
ҚАРАМАҒЫМДАҒЫ ОСЫ
«ҚОЙЛАРЫМ» НЕ
ІСТЕДІ?

ОЛАРДЫҢ ОРНЫНА
ӨЗІМДІ ЖӘНЕ
ОТБАСЫМДЫ
ЖАЗАЛАЙ ГӨР!



«ЕБУСТІК
ОРНАНЫҢ АСТЫҚ
БАСТЫРАТЫН
ҚЫРМАНЫНА
ӨРЛЕП, СОЛ ЖЕРДЕ
ҚҰДАЙҒА АРНАП
ҚҰРБАНДЫҚ
ҰСЫНАТЫН ОРЫН
ТҰРҒЫЗЫҢЫЗ»



СЕНІҢ ҚЫРМАНЫҢДЫ САТЫП АЛУҒА КЕЛДІМ!
ХАЛЫҚТЫ ҚЫРЫП ЖАТҚАН ПӘЛЕНІ ТОҚТАТУ ҮШІН
ОСЫ ЖЕРДЕ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ БАҒЫШТАП
ҚҰРБАНДЫҚ ҮСТЕЛІН ТҰРҒЫЗБАҚПЫН,

ПАТША ИЕМ
ОСЫЛАРДЫ СЫЙ-ТАРТУ
РЕТІНДЕ АЛ. МІНЕ,
ӨГІЗДЕР ҚҰРБАНДЫҚҚА
ШАЛЫНЫП, АҒАШ ТАҚТАЙ
ОТЫН РЕТІНДЕ
ПАЙДАЛАНЫЛСЫН.

ЖОҚ,
БҰЛАРДЫ ҚҰНЫН
ТӨЛЕП САТЫП
АЛАМЫН!

МЕН ТЕГІН АЛҒАНДЫ
ҚҰДАЙЫМА ЖАРАТҚАН ИЕГЕ
БАҒЫШТАП ҚҰРБАНДЫҚҚА ШАЛЫП,
ӨРТЕП ҰСЫНБАЙМЫН



СОЛ ЖЕРДЕ ОЛ ЖАРАТҚАН ИЕГЕ АРНАП
ҚҰРБАНДЫҚ ОРНЫН ТҰРҒЫЗЫП, МАЛДАРДЫ
ШАЛЫП, ТҮГЕЛДЕЙ ӨРТЕП ЖІБЕРДІ, ӘРІ
РИЗАШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДЫҚТАРЫН ДА ҰСЫНДЫ

ЖАРАТҚАН ИЕ ЕЛ ҮШІН ЖАСАЛҒАН
МІНАЖАТТАРДЫ РАҚЫММЕН ҚАБЫЛДАДЫ.
ИСРАИЛДІ ЖАЙЛАҒАН ПӘЛЕ ОСЫЛАЙ ТОҚТАЛДЫ.



"THE BIBLE EXPLAINED
IN EVERY LANGUAGE."



SUPERBIBLE.TV